Аннотация. *Rheum tataricum L. f.* (Polygonaceae Juss. тұқымдасы) өсімдігінің (жер үсті және жер асты бөліктері) химиялық құрамы алғаш рет газ хроматография әдісімен зерттелді. Талдау Agilent 7890A газдық хроматографы және Agilent 5975C масс-селективті детектордың көмегімен жүргізілді. Алынған мәліметтер GS-MSD DataAnalysis бағдарламалық жасақтамасы арқылы өңделіп, NIST08 электронды мәліметтер базасы негізінде сәйкестендірілді. Зерттелген өсімдік *Rheum tataricum L. f.* Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданында, өсімдіктің көктеу және бүршіктену кезеңдерінде жиналды. Зерттеу нәтижесінде барлығы алпыс төрт компонент анықталды, олардың он екісі жер үсті бөлігінде, ал бесеуі жер асты бөлігінде табылған. Өсімдіктің жер үсті бөлігінде ең көп мөлшерде жай эфирлер (23.50%), алкандар (15.98%) және май қышқылдары (5.38%) табылды. Ал жер асты бөлігінде фенолдық қосылыстар басым болып, олардың үлесі 92.64%-ды құрады. Табиғи компоненттердің жалпы құрамы жер үсті бөлігінде

51.50%, ал жер асты бөлігінде 99.99% электрондық NIST 08 кітапханамен идентификацияланды. *Rheum tataricum* L. f. өсімдігінің жер үсті бөлігінде басым анықталған қосылыстар (додекоксиметил)оксиран (1) – 23.50%, гептадекан (9) – 10.17%, тетрадекан (5) – 4.52% және гексадекан қышқылы (2) – 3.91%. Жер асты бөлігінде басым қосылыстар: рододендрол (15) – 74.63%, таңқурай кетоны (14) – 16.58% және 4,4-гидрокси-3,5-диметоксибензогидразид (16) – 5.62%. Зерттеу нәтижесінде *Rheum* L. туысы үшін бұрын сипатталмаған алты қосылыс (1, 6, 8 және 15-17) алғаш рет анықталды. Сонымен қатар, *Rheum tataricum* L. f. түрінен бұдан бұрын идентификацияланбаған қосымша төрт қосылыс (7, 12-14) табылды.

Түйін сөздер: *Rheum tataricum* L. f., жер үсті бөлік, жер асты бөлік, хлороформ сығындысы, газ хроматография-масс-спектрометрия (ГХ-МС)

© А.А. Тургунбаева¹, Н.Г. Гемеджиева², Н.А. Султанова¹, 2025.

¹НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева»,
Астана, Казахстан;

²РГП на ПХВ «Институт ботаники и фитоинтродукции» КЛХЖМ МЭПР РК,
Алматы, Казахстан.

*E-mail: ayman_88@mail.ru

ИССЛЕДОВАНИЕ ХИМИЧЕСКОГО СОСТАВА ХЛОРОФОРМНОГО ЭКСТРАКТА *RHEUM TATARICUM* L.f. МЕТОДОМ ГАЗОВОЙ ХРОМАТОГРАФИИ

Тургунбаева Айман Акылкызы — докторант кафедры химии Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан,

E-mail: ayman_88@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0008-8577-7498>;

Гемеджиева Надежда Геннадьевна — доктор биологических наук, профессор, заведующая лабораторией растительных ресурсов, РГП на ПХВ «Институт ботаники и фитоинтродукции» Комитета лесного хозяйства и животного мира Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан, Алматы, Казахстан,

E-mail: ngemed58@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-7317-2685>;

Султанова Нургуль Адайбаевна — доктор химических наук, профессор кафедры Химии, НАО "Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева", Астана, Казахстан,

E-mail: nureu@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-7970-9105>.

Аннотация. Впервые проведёно исследование химического состава растения *Rheum tataricum* L. f. надземной и подземной части семейства Polygonaceae Juss. с использованием метода газовой хроматографии. Анализ осуществлен с помощью газового хроматографа Agilent 7890A с масс-селективным детектором Agilent 5975C. Обработка полученных данных проводилась с помощью программного обеспечения GC-MSD Data Analysis, на основе электронной базы данных NIST08. Исследуемое растительное сырьё заготовлено в Енбекшиказахском районе Алматинской области в фазах вегетации и бутонизации. В результате исследования выявлено 64 компонента, из которых 12 идентифицированы в надземной, и 5 – в подземной части растения. В наибольших количествах в надземной части

содержались простые эфиры (23.50%), алканы (15.98%) и жирные кислоты (5.38%). В подземной части растения основную долю составляли фенольные соединения (92.64%). Состав природных компонентов идентифицирован на 51.50% (в надземной части) и на 99.99% (в подземной части) в соответствии с базой данных электронной библиотеки. Доминирующими соединениями в надземной части *Rheum tataricum* L.f. являлись: (додекоксиметил) оксиран (1) – 23.50%, гептадекан (9) – 10.17%, тетрадекан (5) – 4.52% и гексадекановая кислота (2) – 3.91%, а в подземной части – рододендрол (15) – 74.63%, кетон малины (14) – 16.58% и 4,4-гидрокси-3,5-диметоксibenзогидразид (16) – 5.62%. В результате проведённого исследования впервые идентифицированы шесть соединений (1, 6, 8, 15–17) ранее не описанных для рода *Rheum* L. Для *Rheum tataricum* L. f. наряду с перечисленными дополнительно обнаружены четыре соединения (7, 12–14).

Ключевые слова: *Rheum tataricum* L. f., надземная часть, подземная часть, хлороформный экстракт, газовая хроматография-масс-спектрометрия (ГХ-МС)

Кіріспе. *Rheum tataricum* L. f. рауғашы – республика аумағындағы шаруашылық үшін маңызды рауғаш түрлерінің бірі. Оның мол қоры Арал маңында, Балқаш маңының оңтүстігінде және Батыс Қазақстанда анықталған (Кашкарова, 1963; Джубанов, 1986.) Татар рауғашы (*Rheum tataricum* L. f.) – жазықтар мен шөлдерде кеңінен кездесетін көпжылдық шөптесін эфемерлі өсімдік. Тамырсабағы тік, қоңыр-қызыл қынапты. Сабақтары 2-3 дана, мықты, жолақты және қуыс, биіктігі 45–50 см, ортасынан қалың бұтақтанып, кең гүлшоғырын түзеді. Жапырақтары ірі, дөңгелек және бұдыр, үш тамырлы, жүрек тәрізді түбі бар. Гүлдері ақшыл сары, ұсақ. Жемістері – үш қырлы, жүрек тәрізді, ұсақ әжімді, қоңыр-қызыл, күңгірт қанатты жаңғақшалар. Сәуір-мамыр айларында гүлдейді, мамыр-шілде айларының басында жеміс береді (Лекарственные растения Казахстана и их использование, 1996). Еліміздің шөлді аймақтарынан жиналған *R. tataricum* үлгілерінде флавоноидтар, катехиндер мен таниндер (Чумбалов et al., 1967), стильбендер (Samarpito et al., 2003), және бос әрі байланысқан көмірсулар (Чумбалов et al., 1966), табылған.

Соңғы он жылдағы өсімдіктің химиялық құрамының талдауына арналған ғылыми зерттеулер саны аз, әсіресе хлороформ сығындысының құрамына негізделген жұмыстар сирек. Шетелдік ғалымдардың зерттеу жұмыстарында бұрын *Rheum* L. туысына жататын өсімдіктердің басқа түрлерінің хлороформ және этанол-хлороформ сығындыларынан антрахинондар (алоэ-эмодин, реин, эмодин, хризофанол, фусцион) бөлініп алынған (Liu et al., 1999; Yuan et al., 2016). *Rheum emodi* Wall. өсімдігінің хлороформ сығындысының бактериялар мен саңырауқұлақтарға қарсы әсері және құрамы зерттелген. Нәтижесінде құрамында эмодин бар екендігі анықталған (Rolta et al., 2022). Қазақстанның шөлді аймақтарынан жиналған *R. tataricum* L. үлгілерінен LC-MS/MS әдісімен зерттеу нәтижесінде 2-арил-4Н-хромен-4-ондар және хин, галл және хлороген қышқылдарының мөлшері анықталған (Amangeldinova, et al., 2024).

Rheum tataricum L.f. өсімдігінің липофильді компоненттерін зерттеуді


жалғастыра отырып, біз бұл жұмыста хлороформ сығындысының жер үсті және жер асты бөліктерінің химиялық құрамын зерттедік.

Материалдар және әдістер. *Rheum tataricum* L.f. өсімдігінің жер асты бөлігі вегетация кезеңінде - бүршік жарудың бастапқы сатысында, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Көкпек ауылынан шығысқа қарай 8 км жерде орналасқан Сюгатин аңғарында жиналды. *Rheum tataricum* L.f. өсімдігінің гербарийлік үлгісі Ж.Ж. Қаржаубекова мен Р.Б. Арыспаева тарапынан жиналып, осы түрге жататындығы Н.Г. Гемеджиевамен анықталды. Үлгі Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасының Ботаника және фитоинтродукция институтының гербарийінде (АА) 2197/25 тіркеу нөмірімен сақтаулы.

Өлшемі 5-7 мм ұнтақталған 20 г *Rheum tataricum* L. f. өсімдігінің жер асты және жер үсті бөліктерінің этанол және гексанмен өңделген сығындысына 250 мл хлороформ (х.ч. ТУ 2631-066-44493179-01 ООО НПП «Гамма») құйып, майлы моншада 80-100 °С температурада 7-8 сағат қайнатылды. Алынған сығынды Rotavapor R-II айналмалы буландырғышта 45-50°C су моншасының температурасын қоса отырып концентрлену жүргізілді. Жер үсті бөлікте 34 мг жер асты бөлікте 50 мг экстрактивті заттар бөлініп алынды.

Газды хроматограф Agilent 7890A, Agilent 5975C масс-селективті детектормен. Талдау келесі шарттарда жүргізілді: баған түрі – Rtx DHA-50, баған ұзындығы – 50 м; баған диаметрі – 0,20 мм; баған адсорбентінің қалыңдығы – 0.5 мкм, буландырғыш температурасы – 280 °С, баған температурасы – 60-300 °С, бағанды қыздыру жылдамдығы – 8 °С/мин, ион көзінің температурасы – 230°C, квадрупольды конденсатор температурасы – 150°C, газ-тасымалдаушы – гелий, бағандағы газ қысымы – 13.8 кПа, ағынды бөлу режимінде 0.2 мкл көлем үлгі енгізілді. Масс-спектрлерді тіркеу сканерлеу негізінде жүргізіліп, NIST 08 -электрондық кітапхана деректерімен сәйкестендірілді. Фракциялардың құрамы шыңдардың салыстырмалы ауданы әдісімен есептелді. Талдау уақыты – жер үсті бөлік үшін 41 минут, жер асты бөлік үшін 32 минутты құрады. Нәтижелерді өңдеу GS-MSD DataAnalysis бағдарламасының көмегімен автоматты түрде жүргізілді.

Нәтижелер мен талқылаулар. *Rheum tataricum* L. f. өсімдігінің хлороформ сығындысының жер үсті бөлігінде жалпы саны 64 компонент табылып, оның 12 идентификацияланды, ал жер асты бөлігінде 5 құрамдас бөлік анықталды. Өсімдіктің хлороформ сығындысында химиялық қосылыстар класының салыстырмалы үлесі арасындағы айырмашылық айқын: жер үсті бөлікте жай эфирлер (23.50%), алкандар (15.98%), май қышқылы (5.38%), терпендер (4.02%) және спирттер (2.33%), жер асты бөлікте фенол қосылыстары (94.37%) және терпендер (5.62%) құрайды. Деректер 1-суретте көрсетілген.



а б
1 – сурет. *Rheum tataricum* L. f. хлороформ сығындысындағы жер үсті (а) және жер асты (б) бөліктерінің химиялық құрамының салыстырмалы үлесі.

Хлороформ сығындысының талдау нәтижесінде өсімдіктің жер үсті бөлігінде 2 (додекоксиметил) оксиран (1) – 23.50%, гептадекан (9) – 10.17%, тетрадекан (5) – 4.52%, гексадекан қышқылы (2) – 3.91% жоғары мөлшерді құрады. Зерттеу нәтижесінде идентификацияланған компоненттердің мәліметтері 1-кестеде келтірілген.

Кесте 1. *Rheum tataricum* L. f. өсімдігінің жер үсті бөлігінің хлороформ сығындысының құрамы

Қосылыс атауы	Молекулалық формуласы	Молекулалық масса	Сақталу уақыты, мин	Мөлшері, %	Кітапханалық масс-спектрмен сәйкестік дәрежесі, %
2 (додекоксиметил) оксиран (1)	$C_{15}H_{30}O_2$	242	3.35	23.50	87
гексадекан қышқылы (2)	$C_{16}H_{32}O_2$	256	27.24	3.91	83
9Z, 12Z, 15Z-октадекатриен қышқылы (3)	$C_{18}H_{30}O_2$	278	29.93	1.47	95
γ-ситостерол (4)	$C_{29}H_{50}O$	414	37.45	0.58	95
тетрадекан (5)	$C_{14}H_{30}$	198	37.85	4.52	95
цис-13-докозенамид (6)	$C_{22}H_{43}NO$	337	38.29	0.29	87
3,7,11-триметил-2,6,10-додекатриен-1-ол (7)	$C_{15}H_{26}O$	222	39.21	0.56	72
1-гептакозано (8)	$C_{27}H_{56}O$	397	39.97	2.33	90
гептадекан (9)	$C_{17}H_{36}$	240	40.16	10.17	95
нонадекан (10)	$C_{19}H_{40}$	269	40.28	0.83	86

стигмат 4-ен-3-он (11)	$C_{29}H_{48}O$	413	41.04	2.31	83
γ-токоферол (12)	$C_{28}H_{48}O_2$	417	41.77	0.57	93
Жалпы				99.97	
Анықталған компонент				51.50	
Анықталмаған компонент				48.47	

Rheum ribes L. өсімдік сығындысының эфир майларының химиялық құрамын *Trichomonas vaginalis* паразиттерге белсенділігін зерттеген жұмыста негізгі компоненттер алкандар, 9,12,15-октадекатриен қышқылы екені дәлелденген (Naemi et al., 2014). Өсімдік құрамынан бұрын 2 (додекоксиметил) оксиран (1) - және цис-13-докозенамид (6) қосылыстары табылмаған.

Жер асты бөлігінде рододендрол (15) 74.63 %, таңқурай кетоны (14) – 16.58% және 44-гидрокси-3,5-диметоксибензогидразиді (16) 5.62 % ең көп басымдық көрсетті. Жер асты бөлікте анықталған метаболиттердің ГХ-МС талдау мәліметтері 2-кестеде сипатталған.

Кесте 2. *Rheum tataricum* L. f. өсімдігінің жер асты бөлігінің хлороформ сығындысының құрамы

Қосылыс атауы	Молекулалық формуласы	Молекулалық массасы	Сақталу уақыты, мин	Мөлшері, %	Кітапханалық масс-спектрмен сәйкестік дәрежесі, %
4-(2-гидроксиэтил) фенол (13)	$C_8H_{10}O_2$	138.16	25.09	1.43	80
4-(4-гидроксифенил) бутан-2-он – таңқурай кетоны (14)	$C_{10}H_{12}O_2$	164.20	27.13	16.58	91
4-(3-гидроксибутил) фенол – рододендрол (15)	$C_{10}H_{14}O_2$	166.22	27.38	74.63	86
4-гидрокси-3,5-диметоксибензогидразиді (16)	$C_9H_{12}N_2O_4$	212.20	30.29	5.62	94
[(7E)-9-гидрокси-4,8-диметил-12-метилдиден-13-оксо-3,14-диоксатрикло [9,3,0,02,4]тетрадек-7-ан-10-ил] (E)-4-гидрокси-3-метилбут-2-эноат (17)	$C_{20}H_{26}O_7$	378.40	31.06	1.73	90
Жалпы				99.99	
Анықталған компонент				99.99	
Анықталмаған компонент				0.01	


Рододендрол - рододендриннің гидролиз нәтижесінде түзіледі, бұл процесс әдетте өсімдік құрғақшылыққа ұшыраған кезде жүреді. Табиғи фенолдың түрі рододендрин – арилбутаноид гликозиді, ол көптеген өсімдік түрлерінің ішкі қабығында кездеседі (Santamour et al., 1997). *Rheum turkestanicum* Janisch. өсімдік тамырының сулы-спирт сығындысын зерттеу жұмысында (Dehghan et al., 2018,


Jahani et al., 2020) алкандар, май қышқылдары анықталған және рододендрин бөліп алған.

Таңқурай кетоны *Rheum officinale* Baill. өсімдігінің 95% этанол сығындысынан бағаналы хроматография әдісімен бөлініп, оның құрылымы физико-химиялық әдістермен (ЯМР және масс-спектрометрия) арқылы расталды. Қосылыс B16 жасушаларында меланогенезге қарсы күшті тежеу белсенділігін көрсеткен (Lin et al., 2011).

Rheum tataricum L. f. жер үсті және жер асты бөліктер құрамында терпендер аз мөлшерде байқалды. Өсімдік сығындысынан алынған метаболиттердің құрылымдары 2 - суретте келтірілген.

Rheum tataricum L. f. өсімдігінің жер үсті бөлігі құрамындағы компоненттердің 51,50% NIST 08 электрондық кітапханасындағы мәліметтермен, кітапханалық масс-спектрмен сәйкестік дәрежесі 70%-дан жоғары болған жағдайда, сәтті сәйкестендірілді. Ал қалған 48,47% компоненттер кітапхана деректерімен жеткілікті дәрежеде сәйкеспеді. Жерасты бөлігі сығындысында сәйкестендірілмеген компоненттердің үлесі өте аз – небәрі 0,01% құрады, бұл талданған қосылыстардың басым бөлігі сенімді түрде анықталғанын көрсетеді.





2 – сурет. Идентификацияланған метаболиттердің құрылымдары

Біздің зерттеуімізде анықталған алты қосылыс (**1**, **6**, **8**, **15-17**) *Rheum* L. туысы үшін жаңа болып табылады. Ал, *Rheum tataricum* L. f. түрінде бұған дейін аталған қосылыстармен қоса (**7**, **12-14**) компоненттер алғаш рет идентификацияланды.

Басқа ғалымдардың ғылыми жұмыстарында *Rheum* L. туысына жататын өсімдіктердің хлороформ сығындысында антрахинондар анықталған, алайда *Rheum tataricum* L. f. олар байқалмады. Осыған байланысты, біз *Rheum tataricum* L.f өсімдігінің химиялық құрамын басқада хроматографиялық және физико-химиялық әдістермен тереңірек зерттеуді жалғастырудамыз.

Алынған нәтижелер *Rheum tataricum* L. f. өсімдігінің әртүрлі бөліктерінде, әсіресе оның жер асты бөлігінде фенольді қосылыстардың жоғары мөлшерде кездесетінін көрсетеді. Бұл аталмыш өсімдік түрін медицина саласында (антиоксидантты, қабынуға қарсы, ісікке қарсы және т.б.) арналған табиғи көзі ретінде қолдануға болатынын айқындайды.

Қорытынды. Алғаш рет *Rheum tataricum* L.f. өсімдігінің хлороформ сығындысының жер үсті және жер асты бөліктерінің химиялық құрамын газ хроматографиясы-масс-спектрометрия (ГХ-МС) әдісімен зерттелді. Нәтижесінде он екі компонент идентификацияланды, ал жер асты бөлігінде бес құрамдас бөлік анықталды. Жер үсті бөлікте жоғары мөлшерді: жай эфирлер, алкандар, май қышқылдары, ал жер асты бөлігінде фенол туындылары құрайды.

Біздің зерттеуімізде анықталған алты қосылыс (2 (додексоксиметил) оксиран (**1**), *цис*-13-докозенамид (**6**), 1-гептакозанол (**8**), рододендрол (**15**), 4-гидроксид-3,5-диметоксибензогидразиді (**16**), [(7E)-9-гидроксид-4,8-диметил-12-метилдиден-13-оксо-3,14-диоксатрикло [9,3,0,02,4]тетрадек-7-ан-10-ил] (E)-4-гидроксид-3-метилбут-2-эноат (**17**)) *Rheum* L. туысы үшін жаңа болып табылады, ал *Rheum tataricum* L.f. өсімдігінде аталған қосылыстармен қоса (3,7,11-триметил-2,6,10-додекатриен-1-ол (**7**), γ -токоферол (**12**), 4-(2-гидроксиэтил) фенол (**13**), 4-(4-гидроксифенил) бутан-2-он – таңқурай кетоны (**14**) төрт қосылыс алғаш рет идентификацияланды.

Әдебиеттер

Кашкарова Н.Ф. (1963) Ревень татарский в Приаралье. Материалы к флоре и растительности Казахстана. — Алма-Ата, 1963. — С. 119–162.

Джубанов А.А. (1986) К охране и использованию ревеня татарского в Западном Казахстане. Рациональное использование растительных ресурсов Казахстана. — Алма-Ата, 1986. — С. 88–90.

Лекарственные растения Казахстана и их использование (1996). Под науч. Ред. М.К. Куkenова; М-во науки, АН Респ. Казахстан, Ин-т ботаники и фитоинтродукции. — Алматы: Ғылым, 1996. — 343 с.

Чумбалов П.К., Нургалиева Г.М. (1967) Катехины *Rheum tataricum*. Химия природных соединений, Том 3. Стр. 236–237. <https://doi.org/10.1007/BF00564132>

Samappito S., Page J.E., Schmidt J., De-Eknamkul W., Kutchan T.M. (2003) Aromatic and pyrone polyketides synthesized by a stilbene synthase from *Rheum tataricum*, *Phytochemistry*, Vol 62. — P. 313–323. [https://doi.org/10.1016/S0031-9422\(02\)00545-9](https://doi.org/10.1016/S0031-9422(02)00545-9).

Чумбалов П.К., Нургалиева Г.М. (1966) Углеводы *Rheum tataricum*. Химия природных соединений, Том 2. — С. 230. <https://doi.org/10.1007/BF00564096>.

Liu C.L., Zhu P.L., Liu M.C. (1999) Computer-aided development of a high-performance liquid chromatographic method for the determination of hydroxyanthraquinone derivatives in Chinese herb medicine rhubarb. *Journal of Chromatography A*, 857(1–2). — P. 167–174.

Yuan J. F., Ji H. H., Qiu Z. J., Wang D. H. (2016) ECV304/C6 coculture model of the BBB coupled with LC–MS analysis for drug screening from Rhubarb extract. *Medicinal Chemistry Research*, 25(9). — P. 1935–1944. DOI: <https://doi.org/10.1007/s00044-016-1618-7>.

Rolta R., Kumar V., Sourirajan A., Upadhyay N.K., Dev K. (2020) Bioassay guided fractionation of rhizome extract of *Rheum emodi* Wall as bio-availability enhancer of antibiotics against bacterial and fungal pathogens. *Journal of Ethnopharmacology*, 257, 112867. — P. 1-1. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.jep.2020.112867>.

Amangeldinova M., Ersatır M., Necip A., Yilmaz M.A., Cimentepe M., Kudrina N., Terletskaia N.V., Ozturk Cimentepe O., Yildirim M. (2024) Simultaneous quantitative screening of 53 phytochemicals from *Rheum tataricum* L. roots: A comparative study of supercritical CO₂, subcritical ethanol, and ultrasound-assisted extraction for enhanced antioxidant, antibacterial activities, and molecular docking study. *Front. Plant Sci.* 15, 1513875. <https://doi.org/10.3389/fpls.2024.1513875>.

Dehghan H., Salehi P., Amiri M.S. (2018) Bioassay-guided purification of α -amylase, α -glucosidase inhibitors and DPPH radical scavengers from roots of *Rheum turkestanicum*. *Industrial Crops and Products*, Vol. 117. — P. 303–309.

Jahani Yazdi A., Javanshir S., Soukhtanloo M., Jalili-Nik M., Jafarian A.H., Iranshahi M., Hasanpour M., Khatami S.M., Hosseini A., Amiri M.S., Ghorbani A. (2020) Acute and sub-acute toxicity evaluation of the root extract of *Rheum turkestanicum* Janisch. *Drug and Chemical Toxicology*, Vol. 43(6). — P. 609–615. DOI: <https://doi.org/10.1080/01480545.2018.1561713>.

Naemi F., Asghari G., Yousofi H., Yousefi H.A. (2014). Chemical composition of essential oil and anti-trichomonas activity of leaf, stem, and flower of *Rheum ribes* L. extracts. *Avicenna Journal of Phytomedicine*, Vol. 4(3). — P. 191–199.

Santamour F.S. Jr., Lundgren L.N. (1997) Rhododendrin in *Betula*: a reappraisal. *Biochemical Systematics and Ecology*, Vol. 25(4). — P. 335–341.

Lin V.C.-H., Ding H.-Y., Kuo S.-Y., Chin L.-W., Wu J.-Y., Chang T.-S. (2011) Evaluation of in vitro and in vivo depigmenting activity of raspberry ketone from *Rheum officinale*. *International Journal of Molecular Sciences*, Vol. 12. — P. 4819–4835. DOI: <https://doi.org/10.3390/ijms12084819>.

References

Kashkarova N.F. (1963) Reven' tatarskij v Priaral'e [Tatar rhubarb in the Aral Sea region]. *Materialy k flore i rastitel'nosti Kazahstana*. — Alma-Ata, 1963. — P. 119–162 (in Russ)

Dzhubanov A.A. (1986) K ohrane i ispol'zovaniyu revenya tatarskogo v Zapadnom Kazahstane [On the protection and use of Tatar rhubarb in Western Kazakhstan]. *Racional'noe ispol'zovanie rastitel'nyh resursov Kazahstana*. — Alma-Ata, 1986. — P. 88–90 (in Russ)

Lekarstvennye rasteniya Kazakhstana I ih ispol'zovanie (1996) [Medicinal plants of Kazakhstan and their use] ed. By M.K. Kukenov; Ministry of Science, Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Institute of Botany and Phytointroduction. — Almaty: Gylym, 1996. — P. 343 (in Russ)

Chumbalov P.K., Nurgalieva G.M. (1967) Katekhiny *Rheum tataricum* [Catechins of *Rheum tataricum*]. Himiya prirodnih soedinenij, Vol 3. — P. 236–237 <https://doi.org/10.1007/BF00564132>. (in Russian)

Samappito S., Page J.E., Schmidt J., De-Eknamkul W., Kutchan T.M. (2003) Aromatic and pyrone polyketides synthesized by a stilbene synthase from *Rheum tataricum*, *Phytochemistry*, Vol 62. — P. 313–323 [https://doi.org/10.1016/S0031-9422\(02\)00545-9](https://doi.org/10.1016/S0031-9422(02)00545-9). (in Eng.)

Chumbalov P.K., Nurgalieva G.M. (1966) Uglevody *Rheum tataricum* [Carbohydrates of *Rheum tataricum*]. Himiya prirodnih soedinenij, Tom 2. — P. 230 <https://doi.org/10.1007/BF00564096>. (in Russ)

Liu C.L., Zhu P.L., Liu M.C. (1999) Computer-aided development of a high-performance liquid chromatographic method for the determination of hydroxyanthraquinone derivatives in Chinese herb medicine rhubarb. *Journal of Chromatography A*, 857(1–2). — P. 167–174 (in Eng.)

Yuan J.F., Ji H.H., Qiu Z.J., Wang D.H. (2016) ECV304/C6 coculture model of the BBB coupled with LC–MS analysis for drug screening from Rhubarb extract. *Medicinal Chemistry Research*, 25(9). — P. 1935–1944 DOI: <https://doi.org/10.1007/s00044-016-1618-7>. (in Eng.)

Rolta R., Kumar V., Sourirajan A., Upadhyay N.K., Dev K. (2020) Bioassay guided fractionation of rhizome extract of *Rheum emodi* Wall as bio-availability enhancer of antibiotics against bacterial and fungal pathogens. *Journal of Ethnopharmacology*, 257, 112867. — P. 1–1 DOI: <https://doi.org/10.1016/j.jep.2020.112867>. (in Eng.)

Amangeldinova M., Ersatır M., Necip A.; Yilmaz M.A.; Cimentepe M.; Kudrina N.; Terletskaia N.V.; Ozturk Cimentepe O.; Yildirim M. (2024) Simultaneous quantitative screening of 53 phytochemicals from *Rheum tataricum* L. roots: A comparative study of supercritical CO₂, subcritical ethanol, and ultrasound-assisted extraction for enhanced antioxidant, antibacterial activities, and molecular docking study. *Front. Plant Sci.* 15. — P. 1513875 <https://doi.org/10.3389/fpls.2024.1513875>. (in Eng.)

Dehghan H., Salehi P., Amiri M.S. (2018). Bioassay-guided purification of α -amylase, α -glucosidase inhibitors and DPPH radical scavengers from roots of *Rheum turkestanicum*. *Industrial Crops and Products*, Vol. 117. — P. 303–309 (in Eng.)

Jahani Yazdi A., Javanshir S., Soukhtanloo M., Jalili-Nik M., Jafarian A.H., Iranshahi M., Hasanpour M., Khatami S.M., Hosseini A., Amiri M.S., Ghorbani A. (2020) Acute and sub-acute toxicity evaluation of the root extract of *Rheum turkestanicum* Janisch, *Drug and Chemical Toxicology*, Vol. 43(6). — P. 609–615 DOI: <https://doi.org/10.1080/01480545.2018.1561713>. (in Eng.)

Naemi F., Asghari G., Yousofi H., Yousefi H.A. (2014). Chemical composition of essential oil and anti-trichomonas activity of leaf, stem, and flower of *Rheum ribes* L. extracts // *Avicenna Journal of Phytomedicine*, Vol. 4(3). — P. 191–199 (in Eng.)

Santamour F.S. Jr., Lundgren L.N. (1997). Rhododendrin in *Betula*: a reappraisal. *Biochemical Systematics and Ecology*, Vol. 25(4). — P. 335–341 (in Eng.)

Lin V.C.-H., Ding H.-Y., Kuo S.-Y., Chin L.-W., Wu J.-Y., Chang T.-S. (2011) Evaluation of in vitro and in vivo depigmenting activity of raspberry ketone from *Rheum officinale*. *International Journal of Molecular Sciences*, Vol. 12. — P. 4819–4835 DOI: <https://doi.org/10.3390/ijms12084819>. (in Eng.)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайтах:

www.nauka-nanrk.kz

<http://chemistry-technology.kz/index.php/en/arhiv>

ISSN 2518-1491 (Online), ISSN 2224-5286 (Print)

Ответственный редактор *А. Ботанқызы*

Редакторы: *Д.С. Аленов, Т. Апендиев*

Верстка на компьютере *Г.Д. Жадырановой*

Подписано в печать 29.09.2025.

Формат 60x88¹/₈. 18,0 п.л.

Заказ 3.

«Central Asian Academic Research Center» LLP

Алматы, Қонаев к-сі, 142